


Шейх Хайсам Сархан басшылығындағы
"Сунна" колледжі

وَاحْفَظُوا أَيْمَانَكُمْ

"АНТТАРЫҢДЫ САҚТАҢДАР"

(әл-Мәида; 89)



sarhaan.com
mahadsunna.com



Анттарды сақтау

Көптеген адамдар ант беруді ұнатады, алайда олардың көпшілігі анттың не екенін, оның мәні мен маңыздылығын, қалай және кімге ант беру керектігін және ант берушінің иығына қандай жауапкершілік жүктелетінін білмейді.

«Ант» деген не?

Ант – адамның өзі үшін ұлы әрі қастерлі нәрсені айтуы арқылы сөзінің растығын бекіту. Бұл орайда адам бұрын болған немесе қазіргі уақытта болып жатқан нәрсе туралы ант беруі мүмкін. Мысалы, ол: «Аллаһпен ант етемін, мен бұл затты алмадым», - немесе: «Аллаһтың атымен ант етемін, менің ақшам жоқ», - деп айта алады, немесе болашаққа байланысты әлдебір нәрсе жайлы: «Аллаһпен ант етемін, мен темекі шегуді тастаймын», - немесе: «Аллаһпен ант етемін, мен анама дөрекілік көрсетпеймін», - деп айтуы мүмкін.

Араб тілінде ант көбінесе «ямин» деп аталады, бұл сөз басқа тілдерде де қолданылады. «Ямин» сөзі араб тілінен аударғанда «оң қол» дегенді білдіреді. Ежелгі уақытта арабтар өзара келісім-шарттар жасап, оларды сақтауға ант беріп, бір-бірінің оң қолдарын ұратын. Анттың мұндай аталуы осыдан бастау алған.

Ант – тілмен айтылып қана қоятын жәй ғана сөз емес. Ант – бұл мұқият сақталып, құрметтелуі міндетті болған келісім-шарт. Аллаһ Тағала анттарға үлкен мән береді, ал оларға немқұрайлы қарау өте қауіпті іс. Жаратушымыздың сөзі – Құран Кәрімде былай деп айтылған:

وَاحْفَظُوا أَيْمَانَكُمْ

«Анттарыңды сақтаңдар»

(«әл-Мәида» сүресі, 89-аят).

«Анттарды сақтау» деген не?

Анттарды сақтау – ең алдымен Аллаһ Тағаладан басқа кез келген нәрсемен ант етуден бас тарту. Жоғарды айтып өткеніміздей ант – бұл сіз үшін бәрінен де жоғары, қымбатты, құрметті және маңызды біреуді немесе нәрсені атау арқылы сөзіңізге кепілдік беру. Әркім жүрегінде кімді немесе нені ұлықтаса, сонымен ант етеді. Біз үшін ең қымбатты, ең жоғары және ең маңызды кім? Жүректеріміз бен тіліміз кімді ұлықтау керектігін айтыңыз. Әрине, бұл Аллаһ. Ол бізді жаратып,

бізге өмір берді, біздің тіршілік етуімізді қамтамасыз етіп, бізді Өзінің шексіз нығметтерімен қоршады. Біздің өміріміз бен өліміміз, бақытымыз бен болашақ өміріміз Оған ғана туелді. Сондықтан тек Оның атымен ғана ант етуге болады. Аллаһтың жаратылыстарының Онымен, немесе Оның есімдері және сипаттарымен ант берулері Оның ғана айрықша құқығы. Ислам ғұламалары Аллаһтан басқамен ант етуге болмайтындына бірауызды келіскен, сондықтан кімде-кім ант еткісі келсе, тек Аллаһпен ғана ант етуі керек.

Исламнан бұрынғы «әл-жәһилия» деп аталатын надандық пен күпірлік дәуірінде, адамдар түрлі пұттар және жалған тәңірлерімен, әкелерімен, өмірлерімен, ар-намыстарымен, қылыштарымен, діндерімен, өздерінің және аналарының басымен ант беруші еді. Аллаһ Тағала оларға Өзінің соңғы елшісі мен пайғамбары Мухаммадты жіберді, ол адамдарға, өзінен бұрынғы барлық пайғамбарлар мен елшілер секілді: «Лә иләһа иллә-Ллаһ» - яғни: Жалғыз Құдайдан – Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық етпеңдер, Жаратушыдан басқа ешкімге жалбарынбаңдар, кез келген көпқұдайшылықтан (ширктен), соның ішінде Аллаһ Тағаладан басқа біреумен ант етуден бас тартыңдар деп айтты. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

مَنْ حَلَفَ بِغَيْرِ اللَّهِ، فَقَدْ كَفَرَ أَوْ أَشْرَكَ

**«Кім Аллаһтан басқа біреумен ант етсе, сол күпірлік немесе көпқұдайшылық
(ширк) жасады»**

(хадисті Абу Дауд, 3251; әт-Тирмизи, 1535 және Ахмад, 6072 келтірген; әл-Әлбани оны «Әс-силсилят әс-сахиха» еңбегінде сенімді деп атаған, 2042).

Осылайша, ізгі Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға Аллаһтан өзгенің атымен ант ету – бұл көпқұдайшылықтың, ширктің, пұтқа табынушылықтың түрлерінің бірі әрі ол «Лә иләһа иллә-Ллаһ» - «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» сөздерінің түбегейлі қағидасымен сыйыспайтынын түсіндірген. Өйткені Аллаһтан басқа біреумен ант ету «Лә иләһа иллә-Ллаһ» куәлігінің түбегейлі қағидасын (принципін) бұзады. Сол себепті де Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтан өзгемен ант еткен бір адамға осы күнәсін «Лә иләһа иллә-Ллаһ» сөздерін айту арқылы өтеуді бұйырды. Ислам мен бірқұдайшылық келуден бұрын көптеген арабтар «әл-Ләт» атты пұтқа, яғни жалған құдайға табынатын. Кезінде арабтардың арасында бір салиқалы, діндар әрі тақуа кісі өмір сүрген. Ол жармадан ботқа дайындап, сол тамақпен қажыларды тамақтандырады екен, ал ол қайтыс болған соң, шайтан

адамдарды бірте-бірте бұл кісі ізгі, әулие адам болғандықтан, оған ескерткіш жасауды, ал уақыт өте-өте, ол оларды Аллаһқа жақындатады деп сеніммен, тіпті оның өзіне құлшылық етуді, әрі одан «әл-Ләт» деп аталатын құдай жасау керек екендігіне иландырды. «Әл-Ләтт» деген сөз араб тілінде «Жармадан ботқа жасаушы» дегенді білдіреді. Арабтар оған ұзақ уақыт бойы табынып, оған дұғалырымен жүгініп, ең ауыр күнә – ширк жасаған, оған Жаратушымен қоса құлшылық еткен. Әрине, олар бұл құдаймен жиі ант етіп, «уа-Ллаһи», яғни «Аллаһпен ант етемін» сөздерінің орнына, «уә-Лләт» яғни «Лләтпен ант етемін» деп айтатын. Исламды қабылдап, барлық жалған құдайлардан бас тартып, Жалғыз Аллаһты ғана шынайы Құдай ретінде қабылдағаннан кейін, адамдар ескі әдеттерімен, байқаусызда: «уә-Лләт», яғни «әл-Лләтпен ант етемін» деп айтушы еді, сол кезде Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

مَنْ حَلَفَ فَقَالَ فِي حَلْفِهِ: وَاللَّاتِ، فَلْيُقْل: لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ

«Кімде-кім әл-Лләтпен ант етсе, «Лә иләһа иллә-Ллаһ» (Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ) деп айтсын», - деген.

(хадисті әл-Бухари, 6107; 6650; Муслим, 1647 және Абу Дауд, 3247 жеткізген).

Яғни ол бірқұдайшылық куәлігін айтсын, өйткені оның берген анты бұл куәлікке қайшы келеді. Осы сенімді хадиске сүйене отырып, пайғамбармен, періштелермен, анамен, нанмен, баламен немесе денсаулықпен ант еткен адамға: ««Лә иләһа иллә-Ллаһ» сөздерін айтып, күнә антыңды өте және ендігәрі еш бір жағдайда мұндай күнә жасама», - деп айтамыз.

Исламға дейінгі дәуірде арабтар өз әкелері мен ата-аналарын асқақтатып, солармен ант беретін. Ислам бұған тыйым салды. Сенімді хадисте Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға жүгініп, былай дегені жеткізіледі:

أَلَا إِنَّ اللَّهَ يَنْهَاكُمْ أَنْ تَخْلُقُوا بِآبَائِكُمْ، مَنْ كَانَ خَالِفًا، فَلْيَخْلِفْ بِاللَّهِ أَوْ لِيَصْمُتْ

«Расында, Аллаһ сендерге әкелеріңмен ант етулеріңе тыйым салды. Кім ант еткісі келсе, тек Аллаһпен ғана ант етсін немесе үндемесін»

(хадисті әл-Бухари, 6108 және Муслим, 1646 жеткізген).

Аллаһтан өзгемен ант ететін адам жиіркенішті және үлкен, ұлы күнә жасаған болады. Бұл күнә барлығымыз үлкен деп санайтын көптеген күнәлардан да ауыр және қорқынышты. Өйткені бұл күнә – ширктің, көпқұдайшылықтың көріністерінің бірі, ал көпқұдайшылық, өзіңіз білетіңіздей, ең үлкен күнәлардан: ұрлықтан, зинадан, арақ ішуден де ауыр әрі қорқынышты.

Адамның Аллаһтың атымен ант етіп, өтірік айтуы өте қорқынышты, алайда оның шындықты айтып, Аллаһтан басқа біреумен ант етуі бұдан да қорқынышты. Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) АбдуЛлаһ ибн Масғуд атты атақты сахабасы: «Мен үшін Аллаһтың атымен ант етіп, өтірік айту Аллаһтан басқамен ант етіп, шындықты айтудан жақсырақ», - деген. Неліктен? Өйткені бұл күнә иманымыздың негізін, дініміздің бүкіл құрылысының іргетасы болған бірқұдайшылықты, таухидты, (ішкі және сыртқы) кез келген ғибадатымызды Жалғыз Жаратушыға ғана арнауымызды, жүрегімізді, үміттер мен ұлықтауларымызды, дұғаларымызды әлемдердің Раббысына байлауымызды бұзады.

Әрбір мұсылман адам Пайғамбарымызды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және басқа да пайғамбарларды жақсы көреді, алайда олармен ант етуге болмайды.

Әрбір мұсылман әке-шешесін сыйлайды және құрметтейді, алайда олармен ант етуге болмайды.

Әрбір мұсылман Қағбаны жақсы көріп, дәріптейді, алайда Қағбамен емес, Қағбаның Раббысымен ант ету керек, өйткені бұны бізге Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйырған.

Әрбір мұсылман нанды сыйлайды әрі құрметтейді, алайда нанмен емес, оны беретін Раббымызбен ант ету керек.

Бәріміз ар-намысымызды жоғары бағалаймыз, бірақ ар-намыспен ант етпеңіздер және оны Аллаһпен тең етпеңіздер, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

مَنْ حَلَفَ بِالْأَمَانَةِ، فَلَيْسَ مِنَّا

«Кімде-кім ар-намысымен ант етсе, сол бізден емес»

(хадисті Абу Дауд, 3253 және Ибн Хиббан, 4263 жеткізген; әл-Әлбани оны «Сахих әл-жамиғ әс-сағир» еңбегінде сенімді деп атаған, 6203).

Адам исламға кіргенде және дүниеден кеткенде айтатын «Лә иләһа иллә-Ллаһ» сөздері, тек ресми түрде айтылып, кейін қалағанымызды істейтін немесе айтатын сөздер емес. Кімде-кім Аллаһтың жазасы мен азабынан құтылып, Аллаһ Тағаладан толық қауіпсіздік пен қорғауға ие болғысы келсе, таухид пен иманға сәйкес келмейтін барлық нәрселерден алыстап, аулақ болуы қажет. Аллаһ Тағала не деп айтқанына құлақ салыңыздар:

الَّذِينَ آمَنُوا وَلَمْ يَلْبِسُوا إِيمَانَهُمْ بِظُلْمٍ أُولَٰئِكَ لَهُمُ الْأَمْنُ وَهُمْ مُهْتَدُونَ

«Сондай иман келтіріп, сенімдерін зұлымдықпен былғамағандар, міне соларға қауіпсіздік (амандық) бар. Және солар тура жолға түсірілгендер»

(«әл-Әнғам» сүресі, 82-аят).

Бұл дегеніміз, иманы әртүрлі ширк көріністерімен, соның ішінде Аллаһтың атымен берілмеген анттармен ластанбаған адам ғана толық қауіпсіздік пен тура жолға түседі деген сөз. Көптеген адамдар: «Аллаһтан өзгемен ант еткен адам иманнан, мұсылман болудан айырылады ма, жоқ па?» - деп сұрақ қойып жатады. Біз: «Бұл оның жүрегінде қандай сенім бар екендігіне байланысты. Егер ол ант етіп жатқан нәрсесін Аллаһтай немесе Одан да қатты ұлықтаса, бұл – үлкен көпқұдайшылық, ширк болып табылады, және мұндай адам иман мен Исламнан шығып кетеді. Ал егер де ол ант етіп жатқан нәрсесін Аллаһты ұлықтайтындай ұлықтамаса және оны Аллаһқа тең деп санамаса, онда ол мұсылман болуын тоқтатпайды, алайда үлкен әрі қорқынышты күнә, көпқұдайшылықтың көрінісі болған амалды жасаған болады, және оны өтеуі қажет.

Кейбір адамдар Аллаһтан басқа нәрсемен немесе біреумен ант берудің болмайтындығын білгенде: «Құран сүрелері ше? Олардың көпшілігінде әртүрлі жаратылған нәрселермен анттарды кездестіреміз. Мысалы, Құранда Аллаһ Тағала: «Күн мен және оның шығуымен ант етемін» және «Інжір және зәйтүнмен ант етемін», - деп айтады», - деп сұрайды.

Иә, ол сондай. Сұрағыңыз өте жақсы әрі маңызды. Оның жауабын тыңдаңыз: Құран – бұл Аллаһтың сөзі және ондағы сіз айтып жатқан анттар – Аллаһ Тағаланың анттары, ал Аллаһ Тағала қалаған нәрсесімен ант етеді. Ал біз, жаратылыстар Жаратушымыздан басқа ешкіммен және ешнәрсемен ант ете алмаймыз. Бірақ Жаратушымыздың Өзі кез келген жаратылысымен: таңның атысымен, түнмен, күнмен, аймен, уақытпен және басқа да нәрселермен ант ете алады. Бұның үстіне, Раббымыз Өзінің сөздерін тыңдаушыларды немесе оқушыларды олардың растығына сендіру үшін ант бермейді. Аллаһтың сөздері әрқашан ақиқат әрі шындық және Ол біздің сенуімізге мұқтаж емес. Аллаһ Тағаланың анттарының мақсаты келесіде.

Біріншіден, Аллаһ Тағала жаратылыстарымен ант етіп, олардың ұлылығы мен кемелдігіне нұсқайды, ал жаратылыстардың ұлылығы мен кемелдігі Жаратушысының ұлылығы мен кемелдігін көрсетеді. Осылайша, бұл анттар Аллаһты ұлықтау ғана.

Екіншіден, Аллаһ Тағаланың анттары өзінен кейін айтылған сөздердің маңыздылығы мен өзгермейтіндігін түсіндіріп, оларға мән беруге мәжбүрлейді.

Мысалы, «әл-Аср» сүресі. Аллаһ Тағала бұл сүренің басында: «وَالْعَصْرِ (۱) - **Уақытпен ант етемін**», - деп айтады. Біз Жаратушының бұл антын естіп немесе оқып, одан кейінгі сөздердің өте маңызды екенін және оларға ерекше мән беру керектігін түсінеміз. Шынымен де, бұл анттан кейін, осы сүреде бізді шығын мен бақытсыздықтан құтқаратын нәрселер туралы айтылады:

إِنَّ الْإِنْسَانَ لِفِي خُسْرٍ (۲)

«Негізінен адам баласы зиянда».

إِلَّا الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ وَتَوَّصَوْا بِالْحَقِّ وَتَوَّصَوْا بِالصَّبْرِ (۳)

«Бірақ сондай иман келтіріп, ізгі істер істегендер, бір-біріне шындықты үгіттеп, сабырды үгіттескендер, солар зиянға ұшырамайды».

Ендеше, антқа қатысты бірінші ереже: тек Аллаһпен, Оның есімдері және ұлы сипаттарымен ғана ант етуге болады. «Уа-Ллаһи» («Аллаһпен ант етемін», «уа-р-Рахман» («Аса Мейірімдімен ант етемін»), «уә-л-Холиқ» («Жаратушымен ант етемін»), «уа-Рабби» («Раббыммен ант етемін»).

Аллаһ Тағаланың сипаттарымен, мысалы Оның ұлылығымен, құдіреттілігімен, сөзімен де ант етуге болады. Осылайша, имам әл-Бухаридің сенімді хадистер жинағында бірде Аллаһтың пайғамбары Аюбтың жалаңаш күйінде дәрет алғаны туралы хабарланады. Кенеттен оның үстіне алтын шегірткелер төгіле бастап, ол оларды киіміне жинай жөнелді. Сол кезде Раббысы одан: «Уа Аюб! Мен сені бұған мұқтаж емес етпедім бе?», - деп сұрады. Сонда Аюб:

بَلَىٰ وَعِزَّتِكَ، وَلَكِنْ لَا غِنَىٰ لِي عَنْ بَرِّكَتِكَ

«Иә, Сенің ұлылығыңмен ант етемін, бұл осылай! Бірақ мен Сенің берекеңсіз өмір кеше алмаймын!», - деп жауап берді.

(хадисті әл-Бухари жеткізген, 279).

Соңғы сұрақ: Құранмен ант етуге болады ма? Құран – Аллаһ Тағаланың сөзі, Оның жарылмаған төлсипаты, сөйлеуі. Бұл біздің онымен ант етуімізге хаққылы екендігімізді білдіреді, алайда шындықты айтып тұрғанымызды бекіту үшін оны сүюге келсек, бұған қатысты Құранда да, Сүннетте де ешқандай нұсқау жоқ.

Аллаһ Тағала Өзінің ұлы Кітабы – Құран Кәрімде анттарды ширктен сақтауды бұйырды, сондықтанда Құдіретті әрі Мейірімді Жаратушымыздан басқа ешкіммен ант етпеуіміз керек.

Аллаһ Тағаланың анттарды сақтау туралы бұйрығы сондай-ақ жалған ант беруге болмайтынын да меңзейді. Аллаһтың атымен ант етіп, қасақана өтірік айту

– адамды үлкен күнәға батырып, Жаратушымыздың ашуына ұшырататын жиіркенішті, төмен және лас іс-әрекет. Кімнің бұған дәті барса, ол өзін Жәннаттан айырылып, Тозақтың отына түсу қауіпіне ұшыратады. Аллаһ Тағала былай деген:

إِنَّ الَّذِينَ يَشْتَرُونَ بِعَهْدِ اللَّهِ وَأَيْمَانِهِمْ ثَمَنًا قَلِيلًا أُولَٰئِكَ لَا خَلَاقَ لَهُمْ فِي الْآخِرَةِ وَلَا يُكَلِّمُهُمُ اللَّهُ

وَلَا يَنْظُرُ إِلَيْهِمْ يَوْمَ الْقِيَامَةِ وَلَا يُزَكِّيهِمْ وَلَهُمْ عَذَابٌ أَلِيمٌ

«Негізінен сондай Аллаһқа берген серттері мен анттарын аз ақшаға

(дүниеге) айырбастағандар, міне, солардың Ақыретте бір сыбағасы жоқ.

Қиямет күні Аллаһ оларға сөз қатпайды, оларға қарамайды әрі оларды тазартпайды. Сондай-ақ олар үшін күйзелтуші азап бар»

(«Әли-Имран» сүресі, 77-аят).

Әй мұсылмандар, иман келтіргендер! Егер ант беретін болсаңыздар, сөздеріңіздің рас екеніне көз жеткізіңдер, анттарыңыздың Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны ең үлкен күнәлардың бірі деп атаған, адамды күнәға, содан кейін Тозақ отына батыратын ант (әл-ямин әл-ғомус) болуынан сақтаныңдар. Хадисте Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені хабарланады:

إِنَّ مِنْ أَكْبَرِ الْكِبَائِرِ الشِّرْكَ بِاللَّهِ، وَعُقُوقُ الْوَالِدَيْنِ، وَالْيَمِينُ الْعَمُوسُ، وَمَا حَلَفَ حَالِفٌ بِاللَّهِ يَمِينَ صَرِيٍّ،

فَأَدْخَلَ فِيهَا مِثْلَ جَنَاحِ بَعُوضَةٍ، إِلَّا جُعِلَتْ نُكْتَةً فِي قَلْبِهِ إِلَى يَوْمِ الْقِيَامَةِ

«Ең үлкен күнәларға: Аллаһпен бірге біреуге құлшылық ету (ширк), ата-анаға құрметсіздік көрсету және батырушы (жалған) ант жатады. Кімде-кім Аллаһтың атымен ант етіп, антына масаның қанатындай өтірік қосса, соның жүрегіне Қиямет күніне дейін қара нүкте қойылады»

(хадисті Ахмад, 16043 және әт-Тирмизи, 3020 келтірген; әл-Әлбани оны «Сахих әт-Тирмизи» еңбегінде сенімді деп атаған).

Өзін мүмин, мұсылман деп санаған, яғни Аллаһ Тағалаға толық мойынсұнған адам сөздерінің өтірік екенін біле тұра, қалайша өзінің өтірігін Аса Жоғары әрі Пәк Аллаһтың, Жаратушының атымен куәландырады? Әй мұсылман адам! Аллаһтан қорық, Аллаһтан ұял, Оны өз жүрегінде ұлықта! Жүрегінде Аллаһты ардақтап, ұлықтайтын адам өз антында әрқашан анық, тура және шыншыл болады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

لَا تَخْلِفُوا بِآبَائِكُمْ، مَنْ حَلَفَ بِاللَّهِ فَلْيَصِدِّقْ

**«Өкелеріңмен ант етпеңдер, ал кім Аллаһпен ант етсе, тек шындықты
айтсын»**

(хадисті Ибн Мәжаһ, 2101; әл-Байхақи «Сунан әл-кубрада», 20512 жеткізген; әл-Әлбани оны «Сахих ибн Мәжаһ» еңбегінде сенімді деп атаған, 1708).

Ал бұдан да қорқынышты күнә және ауыр қылмыс – бұл біреудің мал-мүлкін иемдену немесе біреудің құқығын бұзу үшін жалған ант беру.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

مَنْ حَلَفَ عَلَى يَمِينٍ صَبْرٍ يَفْتَطِعُ بِهَا مَالَ امْرِئٍ مُسْلِمٍ، هُوَ فِيهَا فَاجِرٌ، لَقِيَ اللَّهَ وَهُوَ عَلَيْهِ غَضَبَانُ

«Кімде-кім басқа мұсылманның мал-мүлкін иемдені үшін ант беріп, сонымен бірге өтірік айтса, Аллаһ Тағалаға Ол оған ашулы болған күйінде жолығады»

(хадисті әл-Бухари, 4275 және Муслим, 201 жеткізген).

Аллаһқа және Ақыретке иман келтірген мұсылман адамға жалған ант арқылы біреудің жерін, үйін тартып алу, немесе біреудің ақшасын иемдену үшін Аллаһтың атымен ант етіп, өтірік айту жарасады ма?

Бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұсылмандарға мынандай сөздермен жүгінген болатын:

مَنْ أَقْتَطَعَ حَقَّ امْرِئٍ مُسْلِمٍ بِيَمِينِهِ، فَقَدْ أَوْجَبَ اللَّهُ لَهُ النَّارَ وَحَرَّمَ عَلَيْهِ الْجَنَّةَ

«Кімде-кім ант арқылы мұсылманның құқығын бұзса, Аллаһ оған Тозақ отына кіруді міндетті әрі Жәнатқа кіруді харам етеді!»

Осы сөздерді естіген бір адам: «Уа Аллаһтың Елшісі! Бұл болмашы нәрсе болса да ма?», - деп сұрады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

وَإِنْ فَضِيًّا مِنْ أَرَاكَ

«Бұл тіпті мисуак таяқшасы болса да», - деп жауап берді.

(хадисті Муслим жеткізген, 137).

Яғни мисуак (тіс тазалауыш) ретінде қолданылатын кішкентай ғана таяқша.

Басқалардан қарызға ақша алып, сосын алмадым деп Аллаһтың атымен ант ішітендер немесе біреудің затын пайдалану үшін сұрап, кейін оны қайтардым деп Аллаһпен ант ететіндер, немесе белгілі келісімді сақтауға Аллаһтың атымен ант ішіп, кейін оны опасыздықпен бұзатын адамдар бар емес пе?

Аллаһ Тағала бізді бұдан қатал түрде сақтандырып, былай деген:

وَلَا تَتَّخِذُوا أَيْمَانَكُمْ دَخَلًا بَيْنَكُمْ فَتَزِلَّ قَدَمٌ بَعْدَ ثُبُوتِهَا وَتَذُوقُوا السُّوَاءَ بِمَا صَدَدْتُمْ عَنْ سَبِيلِ اللَّهِ
وَلَكُمْ عَذَابٌ عَظِيمٌ

**«Анттарыңды алдауға сылтау қылмаңдар. Аяқ берік басылғаннан кейін
тайып, Аллаһтың жолынан тосқандарың үшін осының жамандығын
татасыңдар. Әрі сендерге зор азап бар»**

(«ән-Нәхл» сүресі, 94-аят).

Осы аятта не айтылғанын ойлаңдар. Ант беріп, кейін алдап, опасыздық жасаған адамды қорқынышты нәтиже күтіп тұр, бұл тура жолдан шығу, хақ діннен ауытқу. Бұдан қалса, Аллаһтың атымен ант ішетін, әрі сонысымен бірге қулық танытып, алдайтын мұсылман өзгелерді Аллаһтың жолынан тайдырады. Неліктен? Өйткені мұсылман емес немесе дінін жақсы білмейтін адам мұсылманның өз антында қалай өтірік айтып жатқанын көріп, осы пәк ислам дінінен түңіліп, оған сенім артуды тоқтатады. Өткінші дүниелік игіліктерге алданып, антын азғантай баға үшін сатып, қулық жасап, өтірік айтатын адам осындай ұлы зұлымдық жасайды. Әрі сондықтан да ондай адам шын мәнінде аяттың соңында айтылған ұлы азапқа лайық болады.

Ендеше өтірік ант пен уәделерді ысырап етіп біреудің мал-мүлкін иемденгендер Аллаһтың алдында шын жүректен тәубе етуге асықсын. Әрі оның тәубесі шынайы және Аллаһтың алдында қабыл болуы үшін, ол адамдардан құқықсыз алған нәрселерін оларға қайтаруы қажет.

Сатушылар өз тұтынушыларын алдау үшін айтатын анттар жайлы бөлек айтқымыз келеді. Сатушылардың арасында Аллаһтың атымен ант беріп, сатып алушыны алдап, мысалы, оның тауары жоғары сапалы, басқа жерлерде одан қымбат тұратынын айтып жататындары, немесе, мысалы, бес жүзге алған затын мыңға алдым деп, немесе тауары сұранысқа ие болғаны соншалық, сатып алушы сәл кешіксе, оны сатып алуға үлгермей қалады деп ант береді. Аллаһты ұлықтамай, Оның қасиетті Есімімен ант ішіп, адамдарды ақымақ қылғанға қасірет болсын. Ол бұдан не ұтады? Оған өзіне жақсылық әкелмейтін кішігірім қосымша ақшаға ие болады, алайда өлгеннен кейін оны күтіп тұрған жаза нендей қорқынышты және ауыр. Бірде Аллаһтың Елшісі Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға былай деді:

ثَلَاثَةٌ لَا يَكُلُّهُمْ اللَّهُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ، وَلَا يَنْظُرُ إِلَيْهِمْ، وَلَا يُزَكِّيهِمْ، وَلَهُمْ عَذَابٌ أَلِيمٌ

**«Қиямет күні Аллаһ Тағала үш адаммен сөйлеспейді, оларға қарамайды,
тазартпайды және оларды азапты жаза күтіп тұр!»**

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдар осы үш адамның күнәсінің ауырлығын және олардың тағдырының аяныштылығын сезінуі үшін бұл сөздерді үш рет қайталады. Кейін ол осы үш адамды атап, былай деді:

المُسْبِلُ [إِزَارَهُ]، وَالْمَنَانُ [عَطَاءَهُ]، وَالْمُنْفِقُ سِلْعَتَهُ بِالْحَلْفِ الْكَاذِبِ

**«Киімін тобығынан төмен түсіріп киетін ер адам, жасаған жақсылығын
адамдарға міндетсінетін адам және тауарын жалған ант арқылы сататын
адам»**

(хадисті Муслим жеткізген, 106).

Аллаһ Тағаланың «Анттарыңды сақтаңдар» деген сөздері сондай-ақ мұсылман адамның Аллаһтың атымен ант ішіп, шындықты айтса да, жиі ант ете бермеу керектігін білдіреді. Адам өз антына үлкен жауапкершілікпен қарап, оны оңды-солды, себепсіз, қажетсіз, босқа шашпауы керек. Аллаһ Тағаланы шын мәнінде ұлықтайтын адам маңызды, салмақты себеп болған кезде ғана Оның атымен ант етеді. Аллаһ Тағала Өзінің атымен анттарды құрметтеуді және оларды шектен тыс жиі айтпауды бұйырады. Ол былай деген:

وَلَا تُطْعُ كُلَّ حَلَّافٍ مَّهِينٍ

«Әрі әрбір көп ант еткіш (оңбаған) жексұрынға бойұсынба»

(«әл-Қаләм» сүресі, 10-аят).

Демек, анттарды сақтаудан – оны тек қажет кезде ғана айту. Адамның ауызынан еш қорқынышсыз ұшып шығатын Аллаһпен сансыз әрі ретсіз ант беру оның Жаратушыны лайықты деңгейде дәріптемейтінін көрсетеді және бұл, әрине, оның иманының, тақуалығының және бірқұдайшылығының төмендігін көрсетеді. Сондықтан да Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Қиямет күні Аллаһтың рахыммен қарауына ие болмайтындардың бірі Аллаһты саудаға айналдырған және Аллаһтың атымен ант етусіз ештеңе сатпаған және сатып алмаған адам болатынын айтқан. Жоқ, ол біз айтып өткен саудагер секілді алдамайды, бірақ ол әрдайым бірдеңе сатқанда немесе сатып алғанда, қажетті, қажетсіз кезде ант етеді. Көп ант беру неліктен қауіпті? Өйткені адам әрбір маңызды және маңызды емес жағдайда ант бергенде, оның тілі антқа үйреніп, оның жүрегінде оған деген құрмет жоғалады және оның көп ұзамай өтірік ант айтуға да батылы жететін болады. Сонымен қатар, көп ант берген адам басқа адамдар тарапынан өзіне деген сенімін жоғалтады. Сондықтан Аллаһ Тағала көп

ант ететін адамды «жексұрын» деп атаған. Оның үстіне кімде-кім антты аз және ұқыпты түрде беретін, сол өзінің жүрегінде Аллаһты ұлықтауын арттырады, әрі соның жемесі ретінде Раббысына жақсырақ әрі кемелірек құлшылық-ғибадат ете бастайды.

Сондықтан да ата-аналар өз перзенттерін үнемі ант беруден тыйып, Жаратушының есімін асқақтатып ұлықтауды үйретулері керек.

Әуелгі ізгі мұсылмандардың көрнекті имамдарының бірі Ибраһим ән-Нахоғий былай деген екен: «Кішкентай кезімізде бізді куәліктер мен уәделер үшін ұратын», - яғни біз оларға мұқият түрде қарауымыз үшін тәрбиешілеріміз бізді тәрбиелік мақсатта жазалайтын.

Осылайша, мұсылмандардың алғашқы ұрпақтары ант, куәлік, уәделер мен келісім-шарттарға үлкен жауапкершілікпен қараған. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

خَيْرُ النَّاسِ قَرْنِي، ثُمَّ الَّذِينَ يُلُونَهُمْ، ثُمَّ الَّذِينَ يُلُونَهُمْ، ثُمَّ يَحْيِي قَوْمٌ تَسْبِقُ شَهَادَةُ أَحَدِهِمْ يَمِينَهُ، وَيَمِينُهُ
شَهَادَتُهُ

«Адамдардың ең жақсылары – менің замандастарым (сахабалар), кейін оларға ергендер, кейін оларға ергендер, одан кейін куәліктері анттарынан бұрын әрі анттары куәліктерінен бұрын болатын адамдар келеді»

(хадисті әл-Бухари, 3451 және Муслим, 2533 жеткізген).

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің пайғамбарлық кезінде сексеннен сәл ғана астам рет ант ішкендігі саналған екен. Бір жылда бұдан бірнеше есе көп, қажетсіз ант беретін жұрт бұл жайлы не дейді? Ендеше Аллаһ Тағала анттарын сақтап, Раббысын дәріптеп, Оның есімін ұлықтаған адамды рақымына бөлесін.

Аллаһ Тағаланың **«Анттарыңды сақтаңдар»** деген сөздерінің келесі мағынасы, егер пенде болашақта жақсылық жасауға ант берсе (мысалы: «Аллаһпен ант етемін, ертен садақа беремін», - деп айтса), немесе рұқсат етілген амалды жасауға ант берсе (мысалы: «Аллаһпен ант етемін, ертен бұл көйлекті киемін», - десе), немесе жаман амалды жасамауға ант берсе (мысалы: «Аллаһпен ант етемін, ертен темекіні тастаймын», - десе), ол Аллаһтан қорқып, өз антында тұруы керек, өйткені Оның антында тұруы, кімнің атымен ант беріп жатқанды, яғни Аллаһ Тағаланы ұлықтағанын көрсетеді. Егер де ол антын бұзса, онда тәубе етіп, берген антын өтеуі қажет. Ол оны қалайша өтейді? Аллаһ Тағала Құранда үш нәрсенің

бірін таңдау керектігін айтқан: өз отбасын тамақтандыратын орташа мөлшерімен он кедейді тамақтандыруы, немесе оларды киіндіру, ол болмаса бір құлды азат ету. Бүгінгі күні құлдар жоқ. Сондықтан екі нәрсенің бірі қалады: не он кедейді тамақтандыру, не оларды киіндіру. Егер де адамның өзі кедей болса және айтылған нәрсенің ешқайсысын орындай алмаса, онда ол үш күн ораза ұстауы керек.

Бұл, жоғарыда айтқанымыздай, болашақ туралы анттарға қатысты. Егер бір адам Аллаһтың атымен ант беріп, өткен немесе бүгінге қатысты бір нәрсе жайлы өтірік айтса, мысалы: «Аллаһтың атымен ант етемін, мен кеше пәлен адамның үйінде болдым», - деп айтса, ал бұл шын мәнінде өтірік болса, оған антын өтеу міндеттелмейді, алайда ол жалған ант бергеніне шын жүректен тәубе етуі керек.

Ақырында, соңғы айтарымыз: егер адам болашақта белгілі бір жолмен әрекет етемін деп ант етсе, бірақ содан кейін оған басқаша әрекет ету дін тұрғысынан жақсырақ және дұрысырақ болатыны белгілі болса, онда ол өзі үшін жақсырақ және дұрысырақ нәрсені істеуі әрі жоғарыда көрсетілген жолмен антын өтеуі қажет.

Ант адамның жақсылық жасауына тосқауыл болмауы керек. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

إِذَا حَلَفْتَ عَلَى يَمِينٍ فَرَأَيْتَ غَيْرَهَا خَيْرًا مِنْهَا، فَأَتِ الَّذِي هُوَ خَيْرٌ، وَكُفِّرْ عَنْ يَمِينِكَ

«Егер де сен бір нәрсеге ант етсең, кейін басқаша жасау жақсырақ екенін көрсең, онда жақсысын істе және антыңды өте»

(хадисті әл-Бухари, 7147 және Муслим, 1652 жеткізген).

Мысалы, бір адам келесі дүйсенбіде ораза ұстамаймын деп ант етті. Дүйсенбі күні қосымша ораза ұстау – Аллаһқа ұнамды амал екені белгілі. Біз ондай адамға антын өтеп, дүйсенбі күні ораза ұста әрі антыңды өте деп айтамыз.

Тағы бір мысал: адам немере ағасының тойына онымен өзінің араларындағы келіспеушіліктерге байланысты бармайтындығына ант берді. Біз оған немере ағасының шақыруына жауап беру – туысқандық байланысты сақтау, ал шақырудан бас тарту – туысқандық қарым-қатынастың үзіліп, күнәға айналатынын айтамыз. Тойда Аллаһ Тағала тыйған нәрсе болмаса, антыңды өтеп, туысыңның шақыруына жауап бер дейміз.

Әрі сөзіміздің соңында әлемдердің Раббысы Аллаһқа бүкіл мақтау-мадақтар, Пайғамбарымыз Мұхаммадқа Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын.